


Диплом жұмысы тақырыбы

**Сыртқы белгілері бойынша адамды  
сәйкестендіру әдістемесін жетілдіру**



**«ТУРАН»  
УНИВЕРСИТЕ  
ТІ  
TURAN-EDU.KZ**

Орындаған: ГЗФ,  
5В030100 – Құқықтану  
4 курс студенті: Болатбек  
Жұлдызай Болатбекқызы  
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент  
Нурмашев Усен Утегалиевич

# ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

### 1 СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША ТҰЛҒАНЫ ТЕҢЕСТІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Адамның сыртқы келбеті туралы криминалистикалық ілім - габитология түсінігі

1.2 Криминалистикалық-сараптау қызметінде қолданылатын адамның сыртқы келбетін зерттеу әдістері

### 2 СУБЪЕКТИВТІ ПОРТРЕТТЕРДІ ҚҰРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ТАЛДАУ

2.1 Тергеу және жедел-іздестіру қызметінде қолданылатын адамның сыртқы келбетін зерттеу әдістері

2.2 Портреттік сәйкестендіру әдістерін қолдану процестерін автоматтандыру

## ҚОРЫТЫНДЫ

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ

# ТАҚЫРЫП ӨЗЕКТІЛІГІ

Габитология - әр түрлі керіністегі адамның сыртқы бейнесін зерттейтін және қылмыстарды ашу мен алдын алу мақсатында сыртқы бейне туралы мәліметтерді жинау, зерттеу және пайдаланудың техника-криминалистикалық құрал-жабдықтары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіретін криминалистикалық техниканың бір саласы болып табылады. Адамдарды идентификациялау үшін криминалистикада әр түрлі әдістер мен тәсілдер жетілдірілген (өңделген). Идентификациялауда кеңінен қолданылатын әдістердің бірі - адамды сыртқы бейне белгілері бойынша салыстыру.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі қазіргі уақытта габитология әдістемелерін қолдануда туындайтын бірқатар проблемалар бар. Олар:

- іздестіру үшін ұсынылатын субъективті портреттердің сапасының төмендігі, бұл, атап айтқанда, сараптау бөлімшелерін техникалық - криминалистикалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен және ескірген, сыналмаған бағдарламалық кешендерді пайдаланумен байланысты;

- жинақталған габитологиялық массивтердің қанағаттанғысыз функционалдық тиімділігі, ол олардың ақпараттық, бағдарламалық қамтамасыз ету сапасымен анықталады;

- тіркеу-іздестіру жүйелерін пайдалану мүмкіндіктері саласында бөлімше қызметкерлерінің шектеулі дайындығы салдарынан жеке тұлғаны анықтау практикасында тіркеу-іздестіру жүйелерін біліксіз пайдалану.

Жоғарыда айтылғандардың ішінен габитологиялық ақпарат жүйесін, оның ішінде ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін қолдана отырып тиімді пайдалану – қылмысқа қарсы іс-қимылды және оның пәрменді алдын алуды іске асыруда аса маңызды, сондай-ақ қойылған міндеттерді шешпей және көрсетілген кемшіліктерді жоймай мүмкін емес.

# ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Диплом жұмысының мақсаты қазіргі уақытта қолданылып жүрген сыртқы белгілері бойынша адамды сәйкестендіру әдістемесінің жетістіктерін анықтау, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажеттілігі пайда болды:

- габитология ұғымын ашу, онда субъективті портреттің жағдайын анықтау;
- Портреттік сәйкестендіру әдістерінің жіктелуін қарастыру;
- Сандық әдістердің криминалистикалық маңыздылығын ашу, сараптама қызметінде оларды қолдануға байланысты проблеманы шешудің мүмкін жолдарын ұсыну;
- Адам тұлғасын сыртқы белгілері бойынша теңдестірудегі қазіргі заманғы бағыттарды, тенденцияларды және даму перспективаларын белгілеу, криминалистикалық аспектіге қатысты ұсыныстар енгізу;

# ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ МЕН ПӘНІ

Диплом жұмысының зерттеу объектісі адамның сырт бейне келбеті бойынша ұқсастығын анықтау әдістерін дамытуға бағытталған құқықтық қатынастар

Диплом жұмысының зерттеу пәні ретінде адамның сыртқы келбетін бейнелеудің ерекше объектісі ретінде субъективті портрет мысалында габитологиялық ақпаратты пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады

# ТАҚЫРЫПТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

Криминалистикалық габитология ұғымы және адамның сыртқы келбеті белгілерінің сот сараптамасы ілімін келесідей ғалымдар ғылыми еңбектерінде жете зерттеген –Алаева Г.Т., Бычкова С.Ф., Россинская Е.Р., Шакиров К.Н., Жәкішев Е.Г., Исаев А.А., Тапалова Р.Б., Найманова Г.Х., Темірболат Н.С., Селиванов Н.А., Эисман А.А., Тахо-Годи Х.М. Силкин П.Ф., Толмачев Е.Ф., Корухов Ю.Г., Бергер Я., Исаев А.А., Скоморохова А. Г. және т.б. Сонымен қатар, И.Ф. Крылов, В.И. Шикановтардың жалпы криминалистика іліміне қатысты еңбектері бар.

# ТАҚЫРЫПТЫҢ МАЗМҰНЫ

Криминалистік габитология затына:

- адам сырт келбеті туралы криминалистикалық түсінікті, оның қасиеттерін, белгілер және элементтер жүйесін оқып-үйрену;
- адамның сырт келбетінің түрлі бейнеде суреттеліп қалу заңдылықтарын оқып-үйрену;
- сырт келбет туралы мағұлматтарды жинау, зерттеу және пайдаланудың жалпы заңдылықтарын, тиісті әдіс-құралдарды қолдану негізінде оқып-үйрену;
- портреттік сараптама әдістемесін дамыту, сүйек қалдықтары бойынша адамның келбетін қалпына келтіру жатады.

Адамның сыртқы бейне белгілері бойынша танудағы криминалистикалық ілімді жете меңгіру – білім жетістіктің тәжірибеде кеңінең қолданып қылмысты тергеу мен айыпкерді іздестіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Адамның сыртқы келбеті деп әртүрлі сыртқы мәлеметтердің жиынтығын, дәлірек айтқанда көзбен қабылданатын адамның сыртқы түрін айтады.

# ТАҚЫРЫПТЫҢ МАЗМҰНЫ

Адамдарды криминалистикалық идентификациялауға мүмкіндіктің болуы, кез-келген адамның сыртқы бейнесінің басқа адамда қайталанбайтын білгілердің болуына байланысты. әлемде сыртқы бейне белгілері жиындығы бойынша бірдей екі адам кездеспейді.

Адамды теңдестіруге пайдаланатын сыртқы бейне белгілері:

- тұрақты (белгілі бір уақыт аралығында салыстырмалы өзгерессіз) болуы тиіс
- салыстырмалы түрде сирек кездесетін
- салыстырмалы түрде басқа белгілерге тәуелсіз болуы керек.

Адамның сыртқы келбетінің шамамен тұрақтылығы деп, өмір бойғы өзгерістерге қарамастан нақтылы бір кезең аралығында бет әлпетінің ерекшеліктері шамамен тұрақты болып қала белетіндігін айтады.

Адамның бет әлпетінің әртүрлі кескеіндерге (фотосурет, сурет ж.т.б.) суреттелу қабілеті сияқты қасиеті – бет әлпет туралы ақпаратты қылмысты тергеуде қолдануға жол береді.



# Адам сырт келбетінің белгілері мен элементтері жүйесі

**Өзіндік:** жалпы физикалық, анатомиялық, функционалдық. **Ілеспелі (бірге жүретін):** тұрақты, тасымалдаушы болып бөлінеді. Адам сырт келбетінің өзіндік элементтері мен белгілері жалпы физикалық: жынысы, жасы, антропологиялық типі, конституциондық типі, тәндік жағдайы болып бөлінеді.

**Функционалдық:** мүсін (күнделікті кейпі), жүрісі, жұлқынып сөйлеу, артикуляция, дауыс (сөйлеу), әдет пен дағдылар.

**Анатомиялық:** фигурасы жалпы алғанда: мойын, иық, кеуде, арқа, қол, аяқ, басы, шашы, беті және оның бөліктері: маңдай, қабақ, көз, мұрын, ерін, ауыз, тіс, иек, құлақ

Адам сырт келбетінің ілеспелі элементтері мен белгілері:

**Әрдайым болатын:** киім-кешек, бас киім, аяқ киім, көзілдірік, протез, балдақ, тыңдау аппараты

**Тасымалдаушы:** сумка, портфель, қолшатыр, сағат, темекі шегетеі аспаптар, әшекейлер, жасанды шаштар, қаламсап, алқа белгілер

**Ерекше белгілер:** топтық белгілерден күрт ауытқығандар, нақты элементтердің ерекше көзге ұратындығы, қалыптан тыс ауытқу және кейіпсіздік элементтері, көзге көрінетін операция және жарақат іздерінің сипаттары, татуировка мазмұны мен белгілерінің сипаттары, адам сырт келбетінің тұрақсыз және кездейсоқ элементтерінің сипаты жатады.

## Габитологияда адамның сыртқы бейне белгілерін суреттеудің ауызша портрет әдісі

- Арнайы (стандартты) терминологияны қолдану
- Суреттеу анфас және оң жақ профильде жүргізіледі (қажет болғанда ұзыннан және де басқа жақтарынан суреттеледі)
- Мұндай суреттеу сырт келбет пен бастың дұрыс (стандартталған) тұрқына қатысты
- Суреттеу барысында жүйелікті сақтау
- Барынша толықтылықпен суреттеу
- Суреттеу барысында ерекшелерді айыру

# Сырт келбеттің өзгеріске ұшырау заңдылықтары

Тірі адамның: - адам ағзасының табиғи жыныстық-жастық өзгерістері

- адам органдарының патологиялық өзгерістері (ауру салдарынан)

- медициналық косметика, пластикалық хирургия, жарақат салдарынан пайда болған жасанды өзгерістер.

Мәйіттің: - шіру процессінен пайда болған табиғи өліктік өзгерістер

- мәйітті қасақана кейіпсіздендіру нәтижесінде пайда болған жасанды өзгерістер

- жан-жануар, шыбын-шіркейдің әсер ету нәтижесінде пайда болған өзгерістер.

# Адам сырт келбеті туралы ақпараттардың шығу тегі

- адамдар
- құжаттар құрастырылған:
  - - жеке тұлғалармен
  - - ішкі істер органдары қызметкерлермен (тергеу әрекеттері, жедел-іздестіру шаралары, арнаулы зерттеулер)
  - - басқа да мекемелер қызметкерлерімен
- мәйіт және сүйек қалдықтары
- көрнекті кескіндер: фотосуреттер, бейнежазбалар, киноленталар, типографиялық көшірмелер, рентген суреттері, субъективтік портреттер, өлген адамның бетінен әзірленген маска

# ҚОРЫТЫНДЫ ҰСЫНЫСТАР

Негізінде криминалистикалық техниканың осы тарауына қатысты көптеген ғалымдардың жұмыстары бар, оларды атап кететін болсақ, олар: Р.А. Рейсс, В.А. Лебедьев, Н.С. Бокарин, С.М. Потапов, Н.В. Терзиев, Н.И. Якимов, А.А. Гусев, В.А. Снетков, З.И. Кирсанов, П.Г. Орлов, А.П. Пересункин, А.М. Зинин, И.Ф. Пантелеев, П.П. Цветков деген ғалымдарды атап кеткен жөн болар. Осы ғалымдардың жұмыстарына тоқтала келіп, криминалистикалық габитологияның келесі тұрғыдағы түсінігін беруге болады.

Адамның сыртқы келбетінің әр түрлі көріністе сақталып қалу заңдылықтарын зерделейтін және қылмысты ашу, тергеу оның алдын алу мақсатында адамның бет келбеті туралы деректерді жинау, зерттеу және пайдалану әдістері мен техникалық криминалистік тәсілдерді құрастырушы криминалистикалық техниканың саласы.

*Криминалистикалық габитология дегеніміз, бұл — қылмыстарды алдын алуда, ашуда және тергеуде маңызы бар ақиқатты айқындау үшін белгілерді қолдануына мүмкіндік беретін әдістеме ретінде адамның сыртқы келбетінің материалдық және идеалды бейнелері туралы ілім бола тура, криминалистикалық техника тарауының бір саласы болып табылады.* Антропологиялық жалпы және сот медицинасының, адамның морфологиялық, криминалистикалық техниканың дамып, жетілуімен сот фотосурет-еуі мен тергеулік, жедел-ізвестірушілік және сараптамалық тәжірибенің жетілуінің нәтижесінде криминалистикада габитоскопия ілімі туралы оқу пайда болды десе де болады. Криминалистикалық габитоскопияның негізіне: адамның ажары, бейнесі, жүзі, көркі, көрінісі, нұсқасы, рабайы, сұры, тұрпаты, шырайы, әлпеті, өңі, өн-түсі, үсті-басы кіреді. Осы сипаттың барлығын бір сөзбен айтқанда адамның бет-әлпеті кіреді десек қателеспейміз.

# ҚОРЫТЫНДЫ ҰСЫНЫСТАР

Криминалистикалық габитологияның затына келесілер кіреді:

- адамның сыртқы келбеті туралы криминалистикалық ілімнің түсінігі, оның қасиеттерін, белгілерін және элементтерінің жайттары туралы мағлұматтарды толығымен оқып үйрету;
- адамның сыртқы келбетінің түрлі бейнеде суреттелініп қалуының заңдылықтарын оқытып үйрету;
- адамның сыртқы келбеті туралы мағлұматтарды жинау, айқындау зерттеу және қолданудың жалпы заңдылықтарын, қажетті әдістер мен құралдарды пайдалану негізіндегі жайттары туралы мағлұматтарды толығымен оқып үйрету;
- криминалистикалық сараптаманы, сот портреттік сараптаманы және фотосәйкестіру әдісін адамның бас сүйек қалдықтары бойынша алғашқы келбетін қалпына келтіру.

Ғылыми-техниканың ұдайы ілгері жылжуына байланысты криминалистикалық габитоскопияға қатысты адамның бет әлпетін қылмыстарды тергеу, ашу, оларды алдына алу барысында қолданылатын техникалық құралдар және ол белгілерді дұрыс пайдаланудың тактикалық тәсілдері өзгертіліп, жетілдіріліп және оларды қолдану өрісі ұлғайып отырды. Кейіннен криминалистикалық мақсаттарда адамдардың сыртқы келбетін сипаттаудың және фотосуреттік бекітудің қатаң ережелері пайда болып, портреттік сараптама және адамның бас сүйегі бойынша тұлғаның бет-пішінін қалпына келтірудің ғылыми негізделген әдістемесі қалыптасқан. Адамның бас сүйегі бойынша тұлғаның бет-пішінін қалпына келтірудің ғылыми негізінің әдістемесін Ресейде атақты орыс ғалымы Герасимов іске асырған.

# ҚОРЫТЫНДЫ ҰСЫНЫСТАР

Криминалистикалық тұрғыда жүйелендірілген адамның сыртқы келбетінің белгілерін пайдалану, қылмыстарды ашу мен тергеу барысы бағыттарының басқа да мүмкіндіктерін көрсетеді. Атап айтқанда бұл криминалистикалық тұрғыда жүйелендірілген адамның сыртқы келбетінің белгілері келесі міндеттерді шешу үшін қажет:

- а) қылмыс субъектілерінің жеке басын тексеру мен куәландыруда;
- ә) қылмыстық істің ашылуы мен тергеуіне байланысты сол іс бойынша мүдделі және мүдделі емес тұлғалармен танысу үшін;
- б) қылмыс жасап, сот және қалмыстық із кесу органдарынан бой тасалап жүрген қылмыскерлерді, хабар-ошарсыз кеткен тұлғалардың іздеуін ұйымдастыру барысында жеке басы анықталмаған мәйіттердің табылғанында;
- в) жазасын етеу жерінен қашқан қылмыскер тұлғаларды іздеуге (жергілікті, республикалық және ТМД-лық іздеуге) жариялауда және іздестіру кестесін толтыру барысында;
- г) мәйіттер мен адамдарды тану үшін көрсету барысында;
- д) куәлардың, қылмыс оқиғасын өз көзімен көрген тұлғалардың, жәбірленушілердің айтуы бойынша жеке басы анықталмаған қылмыскерлердің қиысты (композициялық) суреттерін салу үшін;
- е) криминалистикалық сараптаманы, сот портреттік сараптаманы және фотосәйкестіру әдісін қолданып жүргізілетін сараптамаларды жүргізу барысында;
- ж) сүйек қалдықтары (бас сүйек) бойынша мәйіттің жеке басын анықтау үшін тірі күйіндегі калпына келтіру (реконструкциялау) барысында.



Общий доступ

ДАТА ОТЧЕТА: 2020-05-25 08:33:06

**НАЗВАНИЕ:**

Болатбек Ж.

**АВТОР:**

Болатбек Ж. Болатбек Ж.

**ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ:**

Гуманитарно-юридический факультет

**ПРОПУЩЕННЫЕ ВЕБ-СТРАНИЦЫ:** ⓘ

1. <https://stud.kz/referat/show/>
2. <https://baribar.kz/student/author/zangar/page/>
3. <https://www.stud24.ru/criminalistics/kriminalistikany-zhalpy-teoriyas/>
4. <https://vikidalka.ru/1-173526.html>

**НАУЧНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ:**

Меруерт Аскарова

**ДАТА ЗАГРУЗКИ ДОКУМЕНТА:**

2020-05-25 08:31:35

## ■ Уровень заимствований

Обратите внимание! Высокие значения коэффициентов не означают плагиат. Отчет должен быть проанализирован экспертом.



% комбинаций из 5 слов, найденный во всех доступных источниках, кроме БЮА



% комбинации 25 -слов, найденных во всех доступных источниках, кроме БЮА

25

Длина фразы для коэффициента

7950

Количество слов

68229

Количество символов





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**